

KEYRON UCN3477 USB-тармақтағышы



Пайдалану бойынша нұсқаулық

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біз Сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Жұмысты бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Жабдықтың мақсаты

USB тармақтағышы бірнеше сандық құрылғыларды бір Type-C портына қосуға арналған. 5 Гбит/с дейінгі деректерді беру жылдамдығын қолдайды, USB 2.0 және USB 1.1 үйлесімді.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны судан және басқа сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен аулақ ұстаңыз.
2. Құрылғыны бөлшектемеңіз, құлатып алмаңыз және сілкімеңіз.
3. Зақымдалған кабельдері бар құрылғыны пайдаланбаңыз.
4. Пайдаланылмаған құрылғыны USB портынан ажыратыңыз.
5. Бұйымды бөлшектеуге тырыспаңыз.
6. Бұйымды тұтандырмаңыз және жылытпаңыз. Оны қоршаған орта температурасында 60 °C-тан жоғары пайдаланбаңыз.
7. Құрылғыны бұзбаңыз, теспеңіз немесе жоғары қысымға ұшыратпаңыз.
8. Балалардың көзінше бұйымды қараусыз қалдырмаңыз.

Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

- USB Type-C кәбілін компьютердің Type-C портына қосыңыз.
- USB дискісін, қатқыл дискіні, тінтуірді, пернетақтаны немесе басқа құрылғыларды құрылғының USB 3.0 порттарына қосыңыз.
- Жұмыс кезінде құрылғы құрғақ жерде, қуатты жылу көздерінен, сондай-ақ сұйықтықтары бар ыдыстардан қашықтықта болуы керек.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: UCN3477.
- Өлшемдері: 102 x 29,8 x 10,41 мм.
- Салмағы: 55 ± 5 г.
- Кәбіл ұзындығы 150 ± 5 мм.

Порт	Техникалық сипаттамалары
Туре-С	Компьютерге, планшетке немесе ұялы телефонға қосылу
USB 3.0	100 Вт / 20 В / 5 А максималды зарядтау қуаты
Үйлесімді құрылғылар	MacBook, Xiaomi, Samsung, Dell, Asus, Huawei, Lenovo, HP, Samsung S10/S10 +, S20, Huawei Mate20/30/P30/P40, Type-C интерфейсі бар ұялы телефондар
ОЖ үйлесімділігі	Windows / macOS / Linux / Google Chrome OS
Күту режимінде энергияны тұтыну	60 – 150 мА
Жұмыс кернеуі	5 В

Ескертпе:

MacBook жаңа модельдері 1,5 А шықпасын қолдайды, егер бұл мәннен асып кетсе (мысалы, қатқыл дискіні қосқанда, ұялы телефонды зарядтағанда), өзін-өзі қорғау режимі іске қосылады, «Жоғары қуат тұтыну», «Өшірулі», «Энергияны азырақ тұтынатын құрылғыларды қосу ұсынылады (мысалы, USB 3.0, USB 2.0 дискілері)» хабарламалары пайда болады.

Құрылғы порттарының схемасы



PC - Компьютер
Keyboard - Пернетақта
Mouse - Тінтуір
Hard disk - Қатқыл диск
U Disk - USB диск

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны сақтау және тасымалдау құрғақ үй-жайда жүргізілуі тиіс. Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қалған тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Осы бұйымды жою қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Бұйымдарды жою қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.
- Тегін және сіздің тұрғылықты жеріңізде жұмыс істейтін электрлік және электрондық жабдықты жинау және жою туралы қосымша ақпарат алу үшін муниципалды органның тиісті кеңсесіне хабарласыңыз.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілді мерзім ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілді мерзім бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілді қызмет көрсетуге кепілді мерзім ішінде тұтынушының кесірінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілді мерзім: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізім:

<https://www.dns-shop.kz/technical-support/>



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Кингтрон Электроникс Тэкнолоджи Ко, Лтд.
2 қабат, А ғимараты, Цзюньтэн ғылыми паркі, № 61, Пуцзян тас жолы, Данин
Комьюнити, Хумэнь, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Құрылғының жиынтығы, сондай-ақ оның сыртқы түрі мен сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.